

Ф. 6.03-09

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
М.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК  
УНИВЕРСИТЕТІ



БЕКІТЕМІН  
Оқу және оқу-әдістемелік  
жұмыстар жөніндегі проректор  
Байболов Қ.С.  
« 03 » 09 2018 ж.

БАҒДАРЛАМА

«Мектепке дейінгі білім берудің жанартылған мазмұны»  
курсының (семинардың) тыңдаушылары үшін

72 сағат


Шымкент, 2018 ж.

Құрастырушы: К.М.Уразбаев, Ж. Аманбекқызы

Бағдарлама «Мектепке дейінгі және бастауыш оқыту теориясы мен әдістемесі» кафедрасының мәжілісінде талқыланып, ұсынылған.  
(№ 1 Хаттама « 28 » 08 2018 жыл).


Кафедра менгерушісі  ф.ғ.к, доцент К.М.Уразбаев

Бағдарламаны Ғылыми-педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру бөлімі ұсынды (№ 1 Хаттама « 03 » 09 2018 жыл).

ҒПКБАБ жетекшісі:  Р.А.Рысдәулетов

М.Әуезов атындағы ОҚМУ ОӘК мәжілісінде мақұлданды және ұсынылды.

(№ 1 Хаттама « 03 » 09 2018 жыл).

ОӘБ жетекшісі:  Д.А.Куланова

## Мазмұны

Түсіндірмелік жазба	4
Курстың мазмұны	5
Зертханалық сабақтардың үлгілік тізбесі	9
Тәжірибелік сабақтардың үлгілік тізбесі	9
Ұсынылатын әдебиеттер	11

## Түсіндірмелік жазба

Осы бағдарлама 5B010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша білім берудің мазмұнын, оқу жүктемесінің көлемін, білім бакалаврын даярлау деңгейінің талаптарын анықтайды.

Стандарттың ережелерін көрсетілген мамандық бойынша мамандарды дайындауды іске асыратын Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындары өздерінің ведомстволық бағыныштылығына, ұйымдық-құқықтық нысандарына, оқыту түрлеріне қарамастан қолдануға және сақтауға міндетті.

5B010100 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша жоғары білімнің кәсіби оқу бағдарламасын меңгеруде қорытынды аттестаттаудан табысты өткен тұлғаларға 5B010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша «білім бакалавры» академиялық дәрежесі беріледі.

5B010100 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша білім бакалавры кәсіби қызмет түрлері:

- білімдік (педагогикалық) - мектепке дейінгі балаларды оқыту, тәрбиелеу, жеке тұлғасын қалыптастыру және дамыту; мектепке дейінгі ұйымдардағы педагогикалық процесті басқару, педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесін жобалау, диагностикалау, түзету; мектепке дейінгі білім беру шеңберіндегі алдыңғы қатарлы тәжірибелерді тарату;

- эксперименттік-зерттеу;
- ұйымдастыру-басқару;
- әлеуметтік-педагогикалық;
- оқу-тәрбиелік;
- оқу-технологиялық болып табылады.

5B010100 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша білім бакалавры өзінің кәсіби қызметін білім беру саласында атқарады.

5B010100 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша білім бакалаврының кәсіби қызмет нысандары: мектепке дейінгі ұйымның түрлі типтері мен түрлері, шағын және дамытушы орталықтар, отбасылық балабақшалар, мектеп-балабақша, педагогикалық колледж, білімді басқару департаменті, білім жетілдіру институты болып табылады.

5B010100 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша білім бакалаврының кәсіби қызметтің пәні: мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің мақсаты, міндеттері, мазмұны, ұйымдастыру нысандары, Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беруді дамыту бағдарламалары талаптарын жүзеге асыру жолдары; тұлғаға бағдарланған білім беруді жүзеге асыруда даралау және саралау тұғыры, әлеуметтік мүмкіндігін дамыту мақсатында тұлғалық және когнитивтік саласын зерттеу болып табылады.

Біліктілік пен лауазымдар Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 25 қараша 2010 жылғы №385-ө бұйрығымен бекітілген «Басшылар, мамандар және басқа қызметкерлер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына» және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына» сәйкес анықталады.

## Курстың мазмұны

*Кіріспе.* Тіл дамыту әдістемесі - педагогикалық ғылым, балалардың тілін дамыту ерекшеліктерін зерттейтін ғылыми пән. Тіл дамыту әдістемесінің маңызы. Мектепке дейінгі ұйымдарда тіл дамыту жұмысының мақсаты мен міндеті. Балабақшадағы балалардың тілін дамыту мен мектептегі қазақ тілі әдістемесі арасындағы айырмашылықпен байланыс. Тіл дамыту әдістемесінің зерттеу әдістері. Тіл дамыту әдістемесінің басқа ғылым салаларымен байланысы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту /2009/ «Қазақстан Республикасының Тіл туралы заңы» /1999/. «Білім беру туралы Қазақстан Республикасының Заңы» /1999/. «Қазақ балалар бақшасында тәрбиелеу, білім беру мазмұнының жаңғырту тұжырымдамасының маңызы», «Мектеп жасына дейінгі мекемелердің базистік оқу жоспары» /1995/.

*Тіл дамыту әдістемесінің ғылым болып қалыптасуы.* Тіл дамыту әдістемесінің ғылым болып қалыптасуы. Б.Б.Баймұратованың тіл дамыту әдістемесіне қосқан үлесі. Оның бала тәрбиесіндегі ана тілінің рөлі туралы пікірлері. А.Байтұрсынұв, Г.К.Дүкенбаева, Х.Кожаметова және т.б. еңбектері. Балаларды ауызша сөйлей білуге үйретудің жолдары. К.Д.Ушинский, Е.Н.Тихеева, А.М.Бородич Ф.А.Сохин, О.С.Ушакова, М.М.Крнина, В.И.Логина, және т.б. мектеп жасына дейінгі бала тілін дамыту әдістемесіне байланысты еңбектері. Қазіргі кездегі тіл дамыту әдістемесінің басты міндеттері.

*Балабақшадағы тіл дамыту жұмысының жүйесі.* Балаларды жан-жақты тәрбиелеудегі ана тілінің маңызы. Сөздік қорды дамытудың негізгі әдістері. Сөздің грамматикалық құрылысын меңгерту, дыбыстық мәдениеті, көркем әдебиетпен таныстыру, балалардың сауатын ашу, бала тілін дамыту жұмыстарын жоспарлау мен есепке алу, мектепке дейінгі педагогикалық колледжде «тіл дамыту әдістемесі» курсының оқытылуы. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» (ҚР МЖМБС) стандартындағы индикаторлардың мазмұны «Қатынас» білім беру сапасы. Әдістемелерінің түрлері, мәні. Сабақтарда сөздік көрнекілік әдістерін қолдану. Балабақшадағы тәрбиелеу, білім беру бағдарламасы. «Балбөбек». «Мәдени мұра», «Алғашқы қадам (1-3 жас)», «Зерек бала (3-5 жас)», «Біз мектепке барамыз» (5-6 жас), «Кемпіркөсақ», «Балалық шақ» бағдарламаларының мазмұны, мәні. 1-6 жас балаларының тілінің дамуын бағалау көрсеткіштері. Бала дамуының өлшемдері. Сабаққа қойылатын талаптар.

*Балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету әдістемесі.* Балаларды байланыстырып сөйлеуге үйрету балабақшаның негізгі міндеті. Байланыстырып сөйлеудің түрлері ( диалог және монолог). Сөздің диалогтік формасының қалыптасуы. Сәбилік шақтағы балалардың тілін дамыту сабақтарының әдістемесі. Балабақшадағы әр жас тобындағы балалармен әңгімелеудің мақсаты. Монологты сөзге үйрету әдістері. Ойыншыққа, затқа, картинаға қарап әңгіме құрастыру және олардың маңызы. Әңгімелеудің әдістері. Көркем шығарма мәтінін қайталап айтуға үйретудегі тәрбиешінің басшылығы. Шығармаларды іріктеу. Сөйлеу мен ойлаудың орындалуы, проблемалық жағдаят жасау, сауалнама т.б. Мектеп жасына дейінгі балалардың ойлауындағы ауызша білімдері мен көрнекілік тәжірибесі.

*Балалардың сөздік қорын молайту әдістемесі.* Балабақшада балалардың жас мөлшеріне қарай сөздік қорын молайту жұмысының мазмұны мен міндеттері. Балалардың актив және пассив сөздері. Сөздікті молайту сабақтарының түрлері мен ерекшеліктері. Сөздік жұмысының принциптері. Бақылау мен топсаяхаттың рөлі және оларды ұйымдастыру әдістемесі. Сөздікті молайту процесіндегі дидактикалық ойынның маңызы. Жалпылама сөздерді меңгерту.

*Сөздің грамматикалық құрылысын қалыптастыру әдістемесі.* Қарым-қатынас процесі кезіндегі тілдің грамматикалық құрылысын меңгерту. Сөздің грамматикалық құрылысты қалыптастырудың мақсаты мен міндеттері. Есту қабілетінің мәні. Балалардың грамматикалық дағдыларын қалыптастырудағы сабақтың рөлі. Арнаулы сабақтарды, грамматикалық жаттығуларды, дидактикалық ойындарды қолдану және өткізу әдістемесі. Сабақтан тыс уақытта және күнделікті өмірде грамматикалық нормада дұрыс сөйлеуге үйрету әдістемесі.

*Сөздің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеу әдістемесі.* Балаларды мектепке даярлауда баланың жеке басының дамуы және сөздік қарым-қатынастың дамуы дыбыстық мәдениетін тәрбиелеудің маңызы және міндеттері мен әдістері. Дыбыстың тазалағын және мәнерлілігін қалыптастыру. Балалардың фонематикалық есту қабілетін дапмыту. Сөйлеу техникасымен жаттығу (тыныс алу, дауыс үнренкі). Қазақ тілінің дыбыстық жүйесі туралы жалпы мағлұмат. Ұтымды оқу іс-әрекетінің маңызы, мазмұны. Балалар сөзінің мәнерлілігін тәрбиелеу. Балалар әдебиетін пайдалану. Балалардың сөздік, дыбыстық мәдениетін қалыптастырудағы қажетті жағдай. Тіл мәдениетінің ерекшелігі.

*Көркем әдебиетпен жұмыс істеу әдістемесі.* Балаларды жан-жақты тәрбиелеуде көркем әдебиеттің маңызы. Балаларды көркем әдебиетпен таныстыруда қолданатын міндеттері мен әдіс-тәсілдері. Балалардың жас ерекшелігіне қарай көркем шығармаларды іріктеу принциптері. Кітаппен жұмыс істеу. Тәрбиешінің мәнерлеп оқуға даярлығы. Балаларды кітаптың мұқабасымен таныстыру. Мұқабаса педагогикалық және эстетикалық талап. Сабақтан тыс уақытта кітаппен жұмыс істеу. Балабақшадағы кітап бұрышының маңызы және оны безендіру.

*Балалардың сауатын ашу.* Балабақшадағы балалардың сауатын ашу және мектепке даярлаудың мақсаты мен міндеті. Дыбыс және әріп туралы ұғым. Балаларды мектепке даярлау жұмысының мазмұны. «Балабақшадағы білім беру және тәрбиелеу», «Балбөбек». «Отбасында және балабақшада баланы мектепке даярлау», «Мәдени мұра», «Біз мектепке барамыз (5-6 жас) бағдарламаларын талдау. Сауат ашудың кезеңдері. Сауат ашу жұмысының даму тарихы.

Тіл дамыту әдістемесі пәні, курс міндеттері. Тіл дамыту әдістемесінің дамуы, тарихы. Тіл дамыту әдістемесінде мазмұны, міндеттері, әдіс-тәсілдері. Балаларды байланыстырып сөйлеуге үйретудің жолдары. Жас ерекшелігіне байланысты балалардың сөздік қорын дамыту. Сөздің грамматикалық құрылысын қалыптастырудың маңызы мен міндеттері, әдістері. Бала тілінің дыбыстау мәдениетін тәрбиелеудің міндеттері. Балаларды сауат ашуға даярлаудың кезеңдері. Жас ерекшеліктеріне қарай балалар тілінің даму диагностикасы. Көркем әдебиеттің оқылу ерекшеліктері. Жоспар. Олардың түрлері, принциптері. Әдістемелік жұмыстың формалары.

Бала тілін дамыту әдістемесінің отандық және шетелдік елдерде дамуы және ғылымда қолданылуы. Мектепке дейінгі бала тілін дамыту бағдарламаларының психологиялық-педагогикалық негіздерінің талдауы. Бала тілінің дыбыстық мәдениетіне талдау. Әңгімелеуге үйретуге дайындау және өткізу әдістемесі. Балаларды әңгімелеуге үйрету. Балабақшада сауат ашуға даярлау әдістемесі. Тілдің даму диагностикасы. Мектепке дейінгі ұйымдарда тіл дамыту жұмысын жоспарлау. Балабақшада тілдік іс-әрекеттерді көркемдеу. Балабақшада сауат ашу әдістемесін оқыту. Бала тілінің грамматикалық құрылымын қалыптастырудағы грамматикалық жаттығулардың ерекшелігі. Бала тілін дамыту әдістемесінің негізін қалаушы Б.Баймұратованың еңбектерінің ерекшеліктері. Мектеп жасына дейінгі баланың сөздік қорын дамытудың тиімді әдіс-тәсілдері. Қазіргі кезеңдегі бала тілін дамыту әдістемесінің ерекшеліктері. Балаларды қабылдау бойынша әңгіме құрастыру әдістемесі. Дидактикалық ойындар арқылы балаларды әңгімелесуге үйрету жолдары. Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорын дамыту жолдары. Мектеп жасына дейінгі балалардың сауатын ашудағы балабақшаның рөлі. Бала тілін дамытуға мектепке дейінгі ұйым мен отбасының бірлескен

жұмысының формалары. Баланы грамматикалық формада дұрыс сөйлеуге үйретуде дидактикалық ойындардың рөлі. Сөздің дыбыстық мәдениетін тәрбиелеуде тәрбиешінің атқаратын міндеті. Балаларды монологты сөйлеуге үйретудің жолдары. Балаларды қиялдау бойынша әңгімелеуге үйретудің жолдары. Балаларды шығармашылық әңгімелеуге үйретудің жолдары. Қазіргі кезеңдегі мектепке дейінгі білім беру жүйесін дамытудағы ізгілендіру мәселелері. Ауыз әдебиеті үлгілерін балабақшада пайдаланудың жолдары. Балаларды байланыстырып сөйлеуде модьлік технологияның рөлі. Балалардың сөздік қорын дамытуда бақылаудың маңызы. Балалардың тілін дамытуда топсаяхаттың рөлі.

*Тәрбиенің мәні және тұтас педагогикалық үрдістегі орны. Тұтас педагогикалық үрдістегі тәрбие.* Әлеуметтендіру және тәрбие. Тәрбие үрдісі туралы. Диалектика және тәрбие үрдісін қозғаушы күштер. Қазіргі заман педагогикасындағы тәрбие мақсаты мәселесі. Тәрбиедегі жүйелілік тұғырының мәні. Тәрбие заңдылығы мен ұстанымы. персонификация, табиғилығы, мәдениеттілігі, гуманизация, дифференциация. Тәрбиенің ұлттық мәні. Тәрбиенің әдістері мен формасы жүйесі. Тәрбие жүйесі туралы ұғым.

*Бала тәрбие объектісі және субъектісі.* Тәрбие және мектепке дейінгі жас балалардың тұлға ретінде қалыптасу кезеңі. Негізгі ұғымдар: тұлға, индивид, даралық, іс-әрекет субъектісі, объект. Бала тұлғасына ықпал ететін факторлар (әлеуметтік орта, тұқымқуалаушылық, тәрбие, іс-әрекет). Бала және социум. Отандық және шет елдердегі зерттеулерде мектепке дейінгі балалардың әлеуметтенуі мен оларды даралау мәселесі. Тұлға дамуындағы тәрбиенің жетекші рөлі. Тәрбие мақсаты туралы ұғым. Оның объективтік сипаты. Мектеп жасына дейінгі балалардың даму ерекшелігі және қоғамның әлеуметтік сұрансына қарай тәрбие мақсатының анықталуы. Тәрбие мақсатының тарихи жалғасуы. Ұлы педагогтар: Я.Коменский, И.Песталоцци, Ф.Фребель, М.Монтессори, К.Д.Ушинский, К.Н.Вентцель және басқалар тәрбие мақсаты және А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев балалармен педагогикалық жұмыстың ізгілендірілген мақсаты және ұстанымдары туралы ой пікірлері. Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу міндеттері. Баланың тұлғалық сапалары мен қасиеттерін қалыптастыруда, жана білім, білікті меңгеруде іс-әрекеттің рөлі. Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуында қарым-қатынастың іс-әрекет ретіндегі маңызы.

*Балабақша тәрбиешісі.* Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісінің тұлғасы. Тәрбиеші құзыретіне сипаттама. Педагогикалық қызметі және біліктілігі. Тәрбиеші іс-әрекетінің ерекшелігі, оның балаға қатынасы. Тәрбиеші іс-әрекетінің шығармашылық сипаты. Тәрбиеші жұмысын ұйымдастыру мазмұны, формасы, педагогикалық шеберлігін жетілдіру. Балабақшадағы тәрбиешінің кәсіби іс-әрекетіне және тұлғасына қоғамның және ата-аналардың қоятын талаптары.

*Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мазмұны және әдістемесі. Дене тәрбиесі.* Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесінің теориясы және тәжірибесі (П.Ф.Лесгафт, Б.Г.Левм-Горниевская, А.Н.Быкова, Т.Н.Осокина, Д.В.Хухлаева, М.Тұрыскелдина, Т.Иманбеков және т.б.). Баланың психикалық және дене дамуының бірлігі. Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесінің міндеттері: денсаулығын нығайту, ағзасын шынықтыру, қимыл-қозғалысын дамыту, гигиеналық дағдылары мен әдеттерін меңгерту. Денсаулық сақтау құзыреттілігі стандарты, оған сипаттама. Мектепке дейінгі ұйымдағы педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда денсаулық технологиясын жүзеге асыру. Салауатты өмір сүру салтына тәрбиелеу - баланың сәби және мектепке дейінгі кезеңде үйлесімді дамуының негізі. Мектеп жасына дейінгі балаларына дене тәрбиесін беру құралдары, қимыл-қозғалыс тәртібі, белсенділігі. Баланың дене дамуын қамтамасыз ететін гигиеналық шаралар. Тамақтану. Ұйқы. Серуен. Олардың ұзақығы, мазмұны. Күн тәртібі. Күннің бірінші және екінші жартысы, ондағы дене жаттығулар үрдісі. Дене тәрбиесі бойынша жұмыс түрлері және оны ұйымдастыру формалары (білімдік, сауықтыру шаралары, белсенді демалыс, балалармен жеке жұмыс, отбасымен өзара әрекеті). Мектеп жасына дейінгі балалардың дене тәрбиесін жүзеге асыруда

денсаулық сақтау технологиясын қолдану. Мектеп жасына дейінгі балалардың денесін жетілдірудегі спорт пен қимыл-қозғалыс ойындардың рөлі. Балалардың денесін дамыту шаралары.

*Адамгершілік тәрбиесі.* Адамгершілікке тәрбиелеудің негізгі ұғымдары. Шетел және отандық педагогикадағы адамгершілікке тәрбиелеу мәселесі. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудегі қазіргі зерттеулер (Б.Баймұратова, А.К. Менжанова, С.А.Козлова және т.б.). Адамгершілікке тәрбиелеу міндеттері, мазмұны, әдістері, құралдары. Патриоттыққа тәрбиелеу мазмұны. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеу шарттары. Мектеп жасына дейінгі балаларды бастапқы ұжымшылдыққа тәрбиелеу. Түрлі жас топтарында ұжымшылдыққа тәрбиелеу әдістемесі. Ізгілік тұлғалық сапаларға тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі балалардың мәдени мінез-құлқын тәрбиелеу. Мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтік ақиқатпен таныстыру. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде отбасының рөлі.

*Ақыл-ой тәрбиесі.* Мектепке дейінгі балалардың үйлесімді дамуында ақыл-ой тәрбиесі. Ақыл-ой тәрбиесінің теориялық негіздері. Мектепке дейінгі білім берудің жүйелілік сипаты (Я.А.Коменский, Н-Г.Песталоцци, Ф.Фребель, М.Монтессори, Б.Баймұратова және т.б.). Ақыл-ой тәрбиесінің физиологиялық және психологиялық негіздері. Ақыл-ой тәрбие жүйесінің, мәні және ерекшелігі. Ақыл-ой тәрбиесінің міндеттері: танымдық белсенділігін және танымдық іс-әрекетін дамыту; қоршаған орта туралы білімін қалыптастыру; танымдық қызығушылығын, зияткерлік қабілеті мен тілін дамыту. Баланың ақыл-ойын дамытуда оқытудың жетекші рөлі (К.Д.Ушинский, А.П.Усова, Е.И.Тихеева, Н.Құлжанова, Б.Баймұратова және т.б.). Мектеп жасына дейінгі балаларды проблемалық оқыту. Оқытудың дидактикалық ұстанымдары. Оқыту әдістері. Ақыл-ой тәрбиесі құралдары: оқу-танымдық ойын, еңбек, қарым-қатынас іс-әрекеттері. Зияткерлік тәрбие шарттары. Балалардың ақыл-ой еңбек дағдыларын дамыту, дербес ақыл-ой міндеттерін шешуге үйрету.

*Сенсорлық тәрбие.* Балалардың негізгі іс-әрекет түрлерінің дамуы және ақы-ой тәрбиесінің сенсорлық негіздері. Мектеп жасына дейінгі балаларда сенсорлық эталонды менгеруі, зерттеу іс-әрекетінің қалыптасуы, сезімдік тәжірибесінің жинақталуы. Сенсорлық мәдениетінің қалыптасуы, ойлауы мен тілінің дамуы, қоршаған орта туралы элементарлық білімді менгеруі; танымдық қызығушылығын, бақылағыштығын, дербестігін тәрбиелеу. Сенсорлық тәрбие әдістемесі (Ф.Фребель, О.Декроли, Е.И.Тихеева, Л.А.Венгер, С.Л.Рубинштейн, М.Муканов, В.И.Аванесова және т.б.). М.Монтессори технологиясы. Баланың түрлі жас кезеңдерінде сенсорлық тәрбие беру міндеттері, мазмұны. Сенсорлық тәрбие құралдары. Сенсорлық-танымдық құзырттілік, оның сипаттамасы.

*Эстетикалық тәрбие.* Мектеп жасына дейінгі балаларға эстетикалық тәрбие берудің теориялық негіздері (Е.А.Флерина, Н.А.Ветлугина, Н.П.Сакулина, Ф.Жумабекова және т.б.). Мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық қабылдауы мен сезімінің алуан түрлілігі. Эстетикалық тәрбиенің негізгі ұстанымдары. Көркемдік-эстетикалық құзыреттілік стандарты, оның сипаттамасы. Мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық тәрбиесінің міндеттері: әдемілікті қабылдауы, эстетикалық сезімінің және түсінігінің және т.б. дамуы. Эстетикалық тәрбие беру әдістемесі. Мектеп жасына дейінгі балаларға эстетикалық тәрбие беру құралдары: ойын, табиғат, өнер, көркем іс-әрекет. Балалар шығармашылығын дамыту мәселесі. Балалардың көркем шығармашылығының түрлері. Шығармашылық құзыреттілігі.

*Еңбек тәрбиесі.* Мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек тәрбиесі туралы түсінік. Мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек тәрбиесінің теориялық негіздері. Мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек іс-әрекетінің ерекшелігі. Еңбек іс-әрекеті арқылы мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіру. Әлеуметтік құзыреттілігін қалыптастыру. Мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек тәрбиесінің міндеттері. Еңбек түрлері (өзіне-өзі қызмет ету, шаруашылық-тұрмыстық еңбек, қол еңбегі, табиғаттағы



енбек). Балалар енбегін ұйымдастыру формасы: жеке және ұжымдық. Ұжымдық енбек, оның түрлері және мазмұны. Тапсырма, кезекшілік, оның ерекшелігі және тәрбиелік мәні. Тапсырма түрлері. Түрлі жас топтарында мектеп жасына дейінгі балалардың енбек іс-әрекетін ұйымдастыру әдістемесі. Балалардың енбек іс-әрекетін ұйымдастыру шарттары. Отбасындағы енбек тәрбиесі.

### **Зертханалық сабақтардың үлгілік тізбесі**

1. *Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытуды диагностикалау.* Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың тілінің даму диагностикасының қызметі.
2. Ақыл-ой әрекетін зерттеудегі бала тілінің даму диагностикасының өзіндік ерекшелігі.
3. Бала тілінің дағдыларын зерттеу. Байланыстырып сөйлеудің даму деңгейінің оқу әдістемесі.
4. Балалардың сөздік қорын дамыту ерекшелігі. Балалардың жалпы тілін дамыту диагностикасының әдістемесі.
5. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» (ҚР МЖМБС) стандартындағы индикаторлардың мазмұны, «Қатынас» білім беру саласы, оған сипаттама.
6. 1-6 жас балаларының тілінің дамуын бағалау көрсеткіштері. Бала дамуының өлшемдері.
7. Бала тілін әр қырынан зерттеу, оның нәтижелерін сараптау тәсілдері. Мектепке барар алдында балалардың тілдік дағдыларының қалыптасу көрсеткіштері.
8. *Тіл дамыту жұмысын жоспарлау және есепке алу.* Балабақшада тіл дамыту жұмысын жоспарлаудың маңызы.
9. Жоспарлаудың принциптері. Жоспардағы тәрбиешінің балалармен жеке жұмысы.
10. Календарлық және апталық жоспарлау. Тіл дамыту жұмысын есептеудің маңызы.
11. *Мектепке дейінгі ұйымдарда тіл дамыту жұмысына әдістемелік басшылық.* Балабақшада әдістемелік жұмысты ұйымдастыру.
12. Балалардың тілін дамытудағы балабақша менгерушісінің, тәрбиешісінің басшылығы.
13. Тәрбиешінің білімін көтеру. Озат тәжірибені тарату. Консультация, практикум, семинарлар өткізу әдістемесі.
14. Балабақша мен отбасының арасындағы байланыс. Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс түрлері.
15. Халық ағарту бөлімінің әдіскері мен инспекторлық жұмыстың мақсаты мен міндеті. Балабақшадағы тексеру жұмыстары.

### **Тәжірибелік сабақтардың үлгілік тізбесі**

1. *Балабақша және отбасы.* Отбасы қызметі және тәрбиелік әлеуеті.
2. Қазақстан Республикасының демографиясы және отбасылық саясатына сипаттама. Отбасы тәрбиесінің психологиялық-педагогикалық негіздері.
3. Қазіргі отбасы тәрбиесінің бағыттары. ҚР МЖМБС 1.001-2009-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту аясында балаларды тәрбиелеуге ата-аналарды белсенді араластыру.
4. Ата-аналардың балалармен қарым-қатынас стилі. Толық емес отбасында балалардың тәрбиесін және өмірін ұйымдастыру ерекшелігі.
5. Отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның өзара әрекетін қамтамасыз ету мәселесі.

6. Мектепке дейінгі ұйым мен отбасы жұмысын ұйымдастыру формасы. Балаларды мектепке дайындаудың психологиялық, педагогикалық мәселелері.
7. Ата-аналарға педагогикалық ықпал ету әдістері мен формаларының түрлері.
8. Мектепке дейінгі тұлға дамуындағы негізгі факторлар. Жас кезеңдері.
9. Мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғасының қалыптасуындағы іс-әрекеттің рөлі.
10. Балабақша тәрбиешісінің жұмысын ұйымдастыру мазмұны, формасы.
11. Тұтас педагогикалық үрдіс: теориялық негізі. Мәні, құрылымы, компонентті және өзара байланысы.
12. Мектеп жасына дейінгі балалардың дамуы және тәрбиелеудің теориялық негіздері. Дене тәрбиесінің теориялық негіздері. Ақыл-ой тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі.
13. Мектепке дейінгі ұйымдағы оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру.
14. Мектеп жасына дейінгі балалардың сенсорлық тәрбиесінің мәні.
15. Мектеп жасына дейінгі балалардың адамгершілік тәрбиесінің педагогикалық негіздері. Адамгершілікке тәрбиелеу әдістері.
16. Мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық тәрбиесінің теориялық негіздері.
17. Мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек тәрбиесінің ерекшелігі.
18. Мектепке дейінгі ұйымдағы дамытушы орта және оны жобалау. Отбасының қызметі және тәрбие берудегі әлеуеті.
19. Қазақстандағы мектепке дейінгі тәрбие берудегі Н.Құлжанованың рөлі.
20. Балабақшадағы еңбек тәрбиесін ұйымдастыру. Мектеп-жасына дейінгі балалардың қазақстандық патриотизмінің негізі - тәрбие.
21. Балабақшадағы тұтас педагогикалық үрдісті ұйымдастыру ерекшелігі. Мектеп жасына дейінгі бала - тәрбие субъектісі ретінде.
22. Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық тәрбиесі.
23. Мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек іс-әрекетін ұйымдастыру әдістері мен формасы.
24. Мектеп жасына дейінгі балалардың зияткерлік дамуы.
25. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудегі отбасының рөлі. М.Монтессоридің сенсорлық тәрбие технологиясы.
26. Балалар ұжымына педагогикалық басшылық.
27. Балабақшадағы әлеуметтік тәрбие мазмұны.
28. Ойын технологиясы негізінде мектеп жасына дейінгі балалардың дене іс-әрекетін ұйымдастыру.
29. Мектеп жасына дейінгі балалардың эстетикалық тәрбиесі.
30. Отбасындағы бала тәрбиесінің педагогикалық негіздері.

## Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

### Негізгі әдебиеттер

- 1 *Тәжібаева С.* Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастыру технологиясы: әдістемелік құрал / С. Тәжібаева. - Алматы: «Ғылым», 2003. - 204 с 23
- 2 *Тәжібаева С.Ф.* Мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастырудың теориясы мен технологиясы: Педагогикалық бағыттағы студ. мектеп мұғалімдеріне арналған оқу құралы / С.Ф.Тәжібаева. - Алматы: Білім, 2008. - 280 с 25
- 3 *Нарқұлова Б.А.* Мектепке дейінгі педагогика тарихы: дәрістер жинағы 050101- «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығының студ. арналған/ Б.А.Нарқұлова. - Шымкент: ОҚМУ, 2011. - 75 с
- 4 *М.Жұмабаев* Педагогика – Алматы, 2004.
- 5 *Жұмабекова Ф.Н.* Мектепке дейінгі педагогика. – Астана. 2009.
- 6 *Жиенбаева С.Н.* Мектепте балаларын еңбекке баулу. – Алматы. 2007.
- 7 *Зверева О.Л.* Родительские собрания в ДОУ. – М., 2006
- 8 *Нуржанова Г.Т. Оспанбаева М.П.* Мектептік психологиялық қызмет жүйесінің мазмұны. – Тараз., 2002.
- 9 *Мәженқызы Р.* Математика: Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған оқу құралы / Р.Мәженқызы. - Астана: Педагогика-Пресс Ид, 2009. - 240 бет, суретті.

### Қосымша әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасындағы білім туралы заңы. Заң актілерінің жиынтығы. – Алматы: ЮРИСТ, 2007. – 192 б.
- 2 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Заң актілерінің жиынтығы. – Алматы: ЮРИСТ, 2007. – 48-50 б.
- 3 5В010100 - «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Астана, 2009
- 4 Концепция высшего педагогического образования Республики Казахстан: –Алматы, КазНПУ им. Абая, 2004.
- 5 «Балапан» мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010.
- 6 Ерте жастағы (1 жастан бастап 3 жасқа дейінгі) балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Алғашқы қадам» бағдарламасы. – Астана. 2009.
- 7 1 жастан 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жалпы білім беру бағдарламасы мазмұнының базалық минимумы. ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. – Астана, 2004.
- 8 *Белгібаева Г.К.* Болашақ мамандарды мектеп жасына дейінгі балаларға халық ауыз әдебиеті арқылы патриоттық тәрбие беруге даярлау: пед. ғылым. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты / Г.К.Белгібаева. - Қарағанды: Е.А.Бөкетов атындағы ОҚМУ, 2006. - 29 с
- 9 *Құралұлы А.* Философия, педагогика және психологияға байланысты терминдер мен сөз тіркестерінің түсіндірме сөздігі / А. Құралұлы. - Шымкент, 2004. - 32 с
- 10 *Сейтқұлов Н.А.* Қазақ этнопедagogикасындағы бала жасына қарай кезеге бөлудің ғылыми-педагогикалық негіздері: пед. ғыл. канд.дис.автор: 13.00.01/ Сейтқұлов Нұрлыбек Ақынұлы.Түркістан: Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ, 2010. -40 с
- 11 *Ермекбаева Л.К., Нығметова Қ.Н.* Баланың мектепке психологиялық дайындығын айқындау. – Алматы., 2005.